

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С.265-267

## ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВТЫҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ.

Кәрімжан Н.  
Нұрбай Қ.Ж.

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін алғанына 30 жыл. Ғасырлар бойғы ата-баба арманы болған азаттық ұлт үшін ұлы бақыт. Тарихтың тарғыл жолдарында ұлтымыз азуы алты қарыс Ресей империясының зорлығы мен қорлығын, одан кейінгі 70 жыл қылышынан қан тамған, қазақтың арыстарын жалмаған Кеңес Одағының зобалаңын көрді. Осыншама қиындықтарды көре отырып еңсесін тіктеп, іргесін көтеріп, егемен ел болды. Іргелес жатқан орыс аюы мен қытай айдаһарына жем болмай татулықта өмір сүріп жатырмыз. Қазақстан ядролық қарудан да бас тартып, БҰҰ-на мүше болды. 30 жыл көп уақыт емес әрине, алайда көптеген игі істер атқарылды. Сол атқарылған игі істердің ішінде Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа ұшуы. Ол – ғарышқа сапар жасаған алғашқы қазақ. 30 жыл өтсе де сол сәт жүрегі қазақ деп соққан әр адамның, қала берді түркі әлемінің көз алдында. Толағай оқиға тарихқа алтын әріппен жазылды. Алайда, ол кісі тек қана ғарышкер ғана емес, саясатпен де белсене шұғылданады. Себебі халқының қамын жейді және ертеңін ойлайды. Қазіргі таңда бұндай азаматтар елімізде өте аз. Кез-келген адам бойына батырлық жинап билікке сын айта алмайды. Тоқтар Әубәкіров болса халқының қамын билікке жеткізе білді. Т.Әубәкіров сияқты тұлғалар XVIII – XIX ғасырларда да шыққан. Олардың қатарына Шал ақын, Дулат Қашқари, Махамбет Өтемісұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлын жатқыза аламыз. [1]

Авиация саласында ұшқыш-сынақшы ретінде бастап, ғарышкер болып аяқтаған Тоқтар Әубәкіров 1992-1993 жылдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-ші орынбасары қызметін атқарды. 1993-1994 жылдары Қазақстан Республикасында Ұлттық Аэроғарыштық агенттігін құруға ықпал жасады, және осы Ұлттық Аэроғарыштық агенттіктің бас директоры болды. Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары қызметін де қатар атқарып отырды. 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы лауазымдарын абыроймен атқарып орындады. 1996 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болып

тағайындалды. 2001 жылы № 44 Қызылорда сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжілісіне депутат болып сайланды. Осылайша ғарышкер саяси аренаға енді. Қызылорда қаласынан сайлауға түсер кезде ғарышкерден «Неге Қызылордадан түсіп жатырсыз?» деп сұрағанда, ол: «Мен ғарышқа Байқоңырдан ұштым. Ғарышқа ұшып келу деген ол қайта өмірге келу, сондықтан мен Қызылорда қаласында тудым» деген екен [2].

Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыштық Агенттігін басқарған тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Байқоңыр ғарыш айлағын жалға беруге емес, бірлесіп игеруге арналған Шарттың жобасы дайындалғанын айтады. Тоқтар Әубәкіровтың сөзіне қарағанда, ҚР ҰАА-ның барлық басшылары заңгерлермен, сарапшылармен бірлесе отырып, Ресейдің ғарыштық мекемелері, оның ішінде, Ресейдің әскери–ғарыштық күштерімен бірге, Байқоңыр ғарыш айлағын бірлесіп пайдалану жөніндегі Қазақстан мен Ресей арасындағы Шарт жобасын дайындаған. Шарттың барлық тетіктері ресейліктермен бірге алдын-ала өткізілген отырыста қаралып, келісіліп, қабылданған болатын. Бірақ қол-қойылатын кезде бірлесе игерудің Шарты емес жалға беру туралы құжаттар шығып кеткен. Осылайша Байқоңыр ғарыш айлағы Ресей Федерациясына 1994 жылы Ресей Федерациясына 20 жылға жалға берілді. Мамандар Байқоңыр кешенінен ел аумағына жылына 30 — 35 мың тонна улы заттар тарайтынын, зымырандардан түскен қалдықтар Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына зиян келтіретінін айтады. Қазір бұл аймақтан «Союз», «Протон» секілді зымырандар ғарышқа ұшырылып келеді. 2004 жылы жалға беру мерзімі 2050 жылға дейін ұзартылды [3]. Жалға беру шешіміне Тоқтар Оңғарбайұлы үзілді кесілді қарсы болды. Осылайша ол өз қызметінен бас тартқан. Осылайша арын еш атаққа, мансапқа сатпайтын ұлтының адал ұлы биліктің салған бұғауына көнбеді. Саяси көзқарасы да осы тұста айқын көрініс берді.

2001-2007 жылдар аралығында Парламент мәжілісінің депутаты болды. Сол кезеңде ол биік мінберден Қазақстан әскеріндегі кемшіліктерді тізбектеп, батыл айтты. Қоғамдағы өзге де мәселелерді билік алдында көтеріп, өзінің ренішін білдіріп, өтініштері, ұсыныстарын білдірді. Оның көзқарасы халықтан ешқашан жырақтаған жоқ. Қандай қиындықтар болып жатса да, шетте қалып қоятын адамдар қатарынан емес. Батыр қашан да халықтың ортасында, қайғысы мен қуанышын бірге бөлісіп келеді.

Ал Тоқтар Әубәкіровтың саясатқа енуі туралы саясаттанушы Әзімбай Ғали былай дейді: «Тоқтардың сырт келбеті ортағасырлық батырды елететеді. Бой десе бойы, түр десе түрі бар, ол маған эпоста суреттелетін Қобыланды батырдай көрінеді. Ондай батырымызды саясатқа араластыруымыз керек пе еді деп ойлаймын. Себебі, ол өзінің саяси тұлғасын көрсете алмай, ұтылды. Қазақ «батыр аңғал болады» дейді ғой. Тоқтар да жүрегі таза жігіт» десе, тарихшы Дос Көшім: «Тоқтар саясатқа араласқан жоқ. Оны саясаткер деп те атай алмаймын» деген пікір айтады. Ал жазушы, аудармашы Герольд Бельгер: «Нағыз қазақ осы Тоқандай болуы керек. Оның ұлттық бренд екені даусыз. Азаматтығын да, адамдығын да,

іскерлігін де аса жоғары бағалаймын. Тоқтар Әубәкіровпен бірге талай рет жұмыс істедік. 1994-1995 жылдары екеуміз жоғары кеңесте депутат болдық. Сол уақытта Тоқаңмен жақынырақ таныстым. Жұмыс барысымен бір аптаға Данияға бірге барғанбыз. Сол сапарда оның талай жақсы істеріне куә болып қайтқанмын. Тоқаңның бойында ұлттық мінез бен үлкен тақырыптардан қорықпайтын қайсарлық бар» деген естелік қалдырған. Тоқтармен бала кезден бірге өскен құрдасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді: «Тоқтардың жасаған ісі, атқарған қызметі ертедегі батырларың ерлігінен асып түсті. Сондықтан ол біздің ұлы замандасымыз, ол нағыз батыр деп атауға лайық жан. Тоқтар Әубәкіров біздің ұлттық мақтанышымыз. Ұлттың мәртебесін, оның дүниетанымын, өзіне деген сенімін жаңа сапаға және жаңа сатыға көтерген тұлға» деген пікірі күллі қазақ халқының келісер кесімі екені даусыз. Тоқтар Оңғарбайұлы туралы «Қанатты қазақ» атты поэма жазған ақын Жәркен Бөдеш: «Тоқтар» деген сөз бен «қазақ» деген сөзді қатар қоямын. Өйткені Тоқтардың өзінің ұлтына, жұртына, еліне деген махаббаты ерекше азамат. Оның әрбір сөйлеген сөздерін қадағалап отырамын. Бір түсінгенім, Тоқтар нағыз қазақтың белбаласы. Қанатты баласы! Құдай оған қанат берген» деген сөзі де көңілге қонымды. [4]

6 жыл депутат болып елдің проблемасын көтеріп, саяси айқасқа түскен ғарышкер Парламент тарқаған соң депутаттыққа қайта түспеді. Бірақ саяси өмірден ұзап кеткен жоқ. Саяси істерге белсене араласады. Қоғамдық іс-шаралардан қалмайды. Тоқтар Әубәкіров оппозиция құрамында да болып, келелі мәселелердің шешімін табуға тырысты. [5]

Елі үшін атқарған қызметі толағай, ұлтының дара перзенті Тоқтар Әубәкіровтің жастарға үлгі болып, ой салар мынадай ой-толғамдары, саяси-экономикалық жүйеге байланысты тұжырымдары бар:

1. «Бізге қуатты қорғаныс күші керек болса, одан қаржы аямайық. Қай ел өз әскерінен қаражатын аяса, басқа елдің әскерін асырайды» деген Наполеон Бонапарттың сөзі бар. Сондықтан, әскерден ештеңе аяуға тиіс емеспіз».

2. «Армиядағы өзгерістерді біз отбасынан, ошақ қасынан бастауымыз керек. Авиациясыз әскер – қауқарсыз әскер. Қанаты жоқ құспен тең. Кең-байтақ даласы бар Қазақстан үшін мұның сипаты мен сапасы айрықша...»

3. «Кейінгі жастарға айтарым, орысша да, ағылшын тілін де үйренсін, бірақ ең бірінші қазақ тілін – өз ана тілінді біл. Қазақша үйренгісі келмейтін қазақтарды өз-өздеріне қарсы адамдар деп санаймын».

4.«Ұятсыз мырқымбайлар ақша үшін арын сатып жүр. Олар ақша үшін анасын да сата алады. Бүгінгі біздің саясаттың ең негізгі құралы ақша болып тұр»

5. «Қашан ғарышта Қазақстанның жақсы жер серігі болады, сол кезде біздің ел билік технологияға қол жеткізе алады. Қазақ қашанғы бай қой бағып далада жүре береді. Ой еңбегін ұршықша иіретін қазақта қабілет жетеді. Салпандап мал соңында жүре берсе аштан өлмес, көштен қалып қоятыны анық. Енді қазақ намысын осы жолға арнасын. Базарда арба айдағаннан гөрі зауытта гайка бұраған тиімді. Гайка бұрағанда адамның

басына ой келеді. Ол ой оны, тіпті, өнер-тапқыш қабілетке жеткізуі мүмкін».  
[6]

Қорытындылай келсек, Тоқтар Әубәкіров туралы көптеген мәліметтер Ресей мұрағаттарында сақтаулы. Болашақта сол құжаттарды алып терең зерттеп, әлі де болса тың мәліметтер табамыз деген ой бар. Әлемді мойындатқан қазақ азаматының ерліктерін болашақ жастарымызға үлгі етіп көрсете білуіміз керек. Шетелдік кинолардың кейіпкерлерін үлгі етіп жүрген жастарға, өз еліміздің батыларын насихаттай білу керек. Халықтың басым көпшілігі Тоқтар Әубәкіровты тек ғарышкер ретінде ғана таниды. Оның ұшқыш-сынақшы ретінде жасаған ерліктерін біле бермейді. Сонымен қоса халқының қамы үшін, елінің болашағы үшін саясатпен де белсене шұғылданады. Бұндай батыр азаматтар қазіргі таңда елімізде көп кездеспейді. Сондықтан да оларды өз дәрежесінде сыйлап, құрметтеуіміз қажет. Қазақтың тұңғыш ғарышкеріне арналған ескерткіш елімізде жоқ екен. Батыр атамызға ескерткіштер қойып, кино түсірек нұр үстіне нұр болар еді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қайырболат Ж.Нұрбай , Гульмира Ж.Жуман, Средний Жуз в период XVIII- начала XIX веков: политический аспект проблемы // Былые годы, 2019 . №4. С .1479-1489.
2. «Қарағанды энциклопедиясы». Алма-Ата баспасы, 1990 ж.
3. «Егемен Қазақстан» республикалық газет, 2003 ж. 12 сәуір.
4. «Жас Алаш» республикалық газет, 2007 ж. 23 ақпан.
5. «Азаттық радиосы» сұхбаттардан үзінді // Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, 2009 ж. 17 ақпан.
6. «Аңыз адам» журналы, 2013 ж. № 7.